

Хаттама №3

Кезектен тыс мектепішілік қамқоршылық кеңес пен ата-аналар отырысы өтті.

«Төлесін Әлиев атындағы
№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

20.08.2025ж.

Қамқоршылық кеңес пен ата-аналар отырысына қатысқандар:

I. Комиссия төрайымы : Алиева Аккенже
Қамқоршылық кеңес мүшелері: Досниязов Төлеген
Овезова Балкенже
Жайлыбаева Анар
Әнесова Гаухар
Корганбаева Майра
Бердибаева Арша

II. МАД, 1-11 сынып ата-аналары

III. Жумаханов Еркасым Итибаевич - мектеп директоры
Таджибаева Сағыныш Коянбаевна – әлеуметтік педагог
Мыңбаева Айнагул - директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
Абдрахманов Ербол - мектеп инспекторы

Күн тәртібінде :

1. Мектептегі оқушылар мен ата-аналарға қойылатын ішкі тәртіп ережесі туралы.
2. Мектепішілік есепке алынған құқық бұзушылыққа бейім оқушылар туралы.

Тыңдалды:

I. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары А.Мыңбаева 2025/2026 оқу жылында оқитын МАД, 1-11 сынып оқушылар мен ата-аналарға қойылатын ішкі тәртіп ережесімен қамқоршылық кеңес төрайымы мен мүшелерін, МАД, 1-11 сынып ата-аналарын таныстырып өтті.

Сөз сөйлеу:

1. Аталған мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі мектеп оқушыларының ішкі тәртіп ережесіндегі оқушыларға жасанды кірпік, тырнақ жабыстыруға, боянуға, мектепте және қоғамдық орындарда бірін-бірі балағаттауға болмайды, мәдениеттілікті сақтауға тиіс деген пунктермен келісетінін айтты.

2. Қамқоршылық кеңес мүшесі Алиева Аккенже мектептің ата-аналарына арналған ішкі тәртіп ережесіндегі өз балаларын дұрыс тәрбиелей алмай, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарамаса ата-ананың заңды жұмысына ескерту хат жіберілетініне толықтай қосылатындығын айтты.

Осы айтылғандармен қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар толықтай бірауыздан келісті.

II. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: Мыңбаева Айнагул мектепшілік есепке алынған құқық бұзушылыққа бейім оқушылар туралы айтып өтті.

Сөз сөйлеу: 1. Қамқоршылық кеңес төрайымы: Алиева Аккенже сөз алып, мектепшілік есепке алынған құқық бұзушылыққа бейім оқушылармен әр түрлі іс – шаралар жүргізіп құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында ата-аналарымен және оқушылармен тығыз қарым қатынаста болу керектігін айтты.

3. 7 «Г» сынып ата-анасы Айдарбаева Ақтоты сөз алып, құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға жағдай жасау керектігін айтып өтті.


4. Қамқоршылық кеңес мүшесі Әнесова Гаухар оқушылардың сынып жетекшілерімен қарым-қатынастарын нығайту үшін ата-анамен сынып жетекшілердің тығыз байланыста болу керектігін ұсынды.

Екінші мәселе бойынша барлық қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар толықтай бірауыздан келісті.


Комиссия отырысының қаулысы :

1. Мектептегі оқушылар мен ата-аналарға қойылатын ішкі тәртіп ережесі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектепшілік есепке алынған құқық бұзушылыққа бейім оқушылармен іс – шаралар уақытылы міндетті түрде жүргізілсін.
3. Аталған мәселелердің орындалысы директорының тәрбие жөніндегі орынбасары А.Мыңбаеваға жүктелсін.


Комиссия төрайымы :
Қамқоршылық кеңес мүшелері:




Алиева Аккенже




Досниязов Төлеген




Овезова Балкенже




Жайлыбаева Анар



Әнесова Гаухар



Қорғанбаева Майра



Бердибаева Арша

Хатшысы:



Таджибаева Сағыныш